

Конкурс өткізу туралы

Хабарландыру

05.09.2025ж

1. Орналасқан жері: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, 3 мөлтек ауданы 47А.
2. Пошталық мекен жайы: aigerimkaratau@yandex.kz
3. Телефон нөмірі: 4-01-07
4. Мекеме атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Талас ауданының білім бөлімі «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
5. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Талас ауданының білім бөлімі «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны саз жетекшісі қызметі бойынша уақытша (0,5 бірлік) бос лауазымды орынға конкурс жариялайды.

Негізгі функциялық міндеттері:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына сәйкес балаларды эстетикалық дамыту мен музыкалық тәрбиелеуді жүзеге асырады.
2. Музыкалық сабақты, балалар мерекелерін және басқа да мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді, музыкалық дарынды балаларды анықтайды. Балалармен жеке жұмысты жүргізеді.
3. Балалардың ойын әрекеттерін ұйымдастыруға қатысады, түрлі музыкалық және дидактикалық ойындар өткізеді.
4. Ата-аналардың мектепке дейінгі бала тәрбиесі мен оқыту барысында туындаған сұрақтарына жауап беріп, көмек көрсетеді.
5. Педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады.
6. Балалармен жұмыс жасауда инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізеді.
7. Балаларды музыкалық тәрбиелеу мәселесі ата-аналар мен тәрбиеленушілерге кеңес береді.
8. Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізу.
9. Лауазымдық еңбек ақы төлеу мөлшері (саз жетекшісі) - 96697 тг

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

1. Жоғары педагогикалық білімі және (немесе) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (педагогикалық) білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;
2. Және (немесе) біліктілігінің орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;
3. Және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

Білім беру мекемесі хабарландыру шыққан күннен бастап, жеті жұмыс күні ішінде бос лауазымға орналасуға мынандай құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін)
3. Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы;
4. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім туралы құжаттарының көшірмелері;
5. Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса)
6. “Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту” Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ 175 /2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7. Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
8. Наркологиялық ұйымнан анықтама;
9. Сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда)

Құжатты қабылдау мерзімі: 7 күн.

Қосымша хабарлама білім беру ұйымының интернет ресурсында

Почта: aigerimkaratau@yandex.kz

Инста парақша: aigerim_bobekjai_bakshasi

Сайт: <https://aigerim-talas.kz/kz/> білуге болады.